

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 140 (9202)

1953 жылғы 15 июль Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Пішеншілердің социалистік жарысына нақтылы басшылық жасалсын

Совет Одағының Коммунистік партиясы XIX съезі еліміздің мал өсірушілерінің алдына аса күрделі және жауапты міндеттер қойды. Ол міндет —қысқа мерзім ішінде қоғамдық мал басын едәуір көбейтіп, оның өнімділігін арттыра түсу. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат және халық үшін азық-түлік молшылығын бұрынғыдан да арттыра түседі.

Бүкіл еліміздің республикамыздың және оның ішінде біздің облысымыздың мал өсірушілері өздерінің бұл аябырлы міндеттерін жете түсініп, социалистік мал шаруашылығын барған сайын өркендету беру жолында қажырлы күрес жүргізуде. Мал шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған жоғарыда аталған аябырлы міндетті ойдағыдай жүзеге асырудың ең басты шарты —колхоз, совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығы үшін тұрақты жемшөп қорын жасау болып табылады. Ал, кәзір біздің облысымызда жемшөп қорын жасау жолындағы күрестің шешуші кезеңі туып отыр. Олай дейтін себебіміз —облыс колхоз, совхоздарында егін орағы басталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Алған міндеттемеміз бойынша біз жемшөп дайындау жұмысын егін орағы басталғанға дейін толық аяқтауға тиіспіз.

Алайда, уақыттың тығыздығына қарамастан облысымыздың колхоз, совхоздарында жемшөп дайындау жұмыстарының барысы мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. Облыс колхоздарында тонна есебімен алғанда жемшөп дайындау жоспарының 10 июльге дейін небары 16 процент ғана, ал, шөп сүрлеу жоспарының небары 8,8 процент ғана орындалуы бұл пікірімізге толық дәлел бола алады.

Рәс, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары ақтөбеліктердің хатына іспен жауап беріп, жемшөптің мол қорын жасау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетті, сөйтін, бұл жолда көрнекті табыстарға ие болды. Мұндай озаттардың қатарына Возвышен, Мамлют совхоздары мен Петропавл ауданының

рылып, онда социалистік жарыстың озаттарымен қатар, жұмыстағы кемшіліктер де сыналды. Әрбір бригадала жарыстың қорытындылары кезінде шығарылып, ол көрсеткіш тақталарына жазылып отырылды. Социалистік жарысты бұлай ұйымдастыру өзінің игі нәтижесін берді де. Кәзір совхоз коллективі жемшөп дайындауда облыста алдыңғы қатарда келеді.

Бірақ, аудандық партия комитеттері, ауыл-село партия ұйымдары пішеншілердің социалистік жарысын барлық жерде бірдей сылай ұйымдастырып отырған жоқ. Көп жерлерде, әсіресе, Мамлют, Преснов және Октябрь аудандарының колхоздарында пішеншілер мен жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың социалистік жарысы формальді ұйымдастырылған. Бұл аудандық партия комитеттерінің секретарьлары Закирченко, Долженко және Кундеренко жолдастар шөп шабу науқаны басталғаннан бері пішеншілердің социалистік жарысының кең өрістетілуін қамтамасыз етіп, жемшөп дайындау жұмыстарының қарқынды жүргізілуіне жетісеміз деп талай рет уәде берді. Бірақ олар бұл уәделерін әлі орындаған жоқ. Аталған аудандар жемшөп дайындауда бұрынғысынан артта қалып келеді.

Бастауыш партия ұйымдары пішеншілердің социалистік жарысын олардың ақтөбеліктердің хатына жауап ретінде алған міндеттемелерін орындап шығатындай дәрежеде ұйымдастыра білулері керек. Партия ұйымдары әрбір пішеншінің, жемшөп дайындауда жүрген әрбір механизатордың күнбе-күнгі жұмыс нормасын үнемі орындап отыруына жетісетін болсын. Бұл үшін пішеншілер мен механизаторлар арасында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етіп, жалпы еңбек өрлеуін туғыза білу керек. Әрбір совхозда, әрбір колхоз бен бригадала озат пішеншілер мен механизаторлар көп. Олардың жұмыс тәжірибелері жауынгерлік ластоктар мен қабырға газеттерінде жазылып, өндіріс кеңестерінде баяндалуы, сөйтін, ондай тәжірибелердің бүкіл жұртшылықтың игілігіне айналдырылуы қажет.

Егін орағына әзірлік

Комбайн жөндеудің озаттары

Налобин МТС-нің (Соколов ауданы) механизаторлары егін жыйнауға барлық жағынан мұқият әзірленуде. Мастерскойда комбайндарын жөндеу тораптық әдіс бойынша ұйымдастырылған. Кәзір комбайн жөндеуде 9 тораптық бригада жұмыс істейді.

Комбайндардың барабанын жөндейтін бригаданы комбайншы Хохлов жолдас басқарады. Ол басқарған бригада еменалық тапсырманы 120—125 проценттен орындайды. Комбайншы Иванов жолдасы жөндеушілер мақтан етеді. Өйткені, ол радиаторлардың әрі тез, әрі сапалы жөндеуін қамтамасыз етіп келеді. Комбайндардың хедерін жөндейтін бригадала еменалық жұмыс тапсырмасын орындамайтын бірде-бір адам жоқ.

Мастерскойда жұмыс істеп жүрген комбайншылардың барлығы дерлік еңбек озаттары. Мәселен, комбайншылар Ирхо, Иванов, Фокин, Мельников, Белоногов жолдастар комбайндарын жөндеуде үнемі біржарым норма орындап жүр.

Кәзір МТС механизаторлары егін жыйнауға тыңғылықты әзірлене отырып, бұл маусымды жұмысты ең қысқа мерзімде өткізуге, сөйтін, колхоздардың бітік әскен егіннің ысырапсыз жыйналуын қамтамасыз етуге міндеттеніп отыр.

Т. БАТЫРОВ.

Егіннің арамшөбі қашан опалады

Сталин атындағы колхоз — Полудень ауданындағы егін шаруашылығы өркендеген колхоздардың бірі. Егіннің барлық келемінен мол өнім алуға егіннің арамшөбін отаудың зор маңызы бар. Өйткені, арамшөп жердегі ылғалды бойына тартып алып, егіннің өсуіне бөгет жасайды. Аталған колхоздың егінде арамшөп бар. Алайда, мұнда егіннің арасындағы арамшөпті отау осы күнге дейін ұйымдастырылмаған.

Егіннің арамшөбін отауды ойдағыдай жүргізуге колхоздың күш-мүмкіншілігі мол жетеді. Бірақ, не пайда, колхоз басшыларының арамшөп отауға мән бермеуі бұл күш-мүмкіншілік пайдаланылмай келеді.

Қуатты Отанымыздың барлық халықтары ұлы Коммунистік партияның және туысқан Совет Үкметінің төңірегіне тмығыз топтасқан. Партияның, үкметтің және совет халқының тмығыз бірлігі арқасында туысқан достық семьяда біз коммунизмге қарай сеніммен алға басу-дамыз.

Кой шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктер дереу жойылсын

Облыс колхоздарының шопандары былай кой өсіру жөніндегі жоспарды асыра орындауға, кой санын өткен жылғыдан 30 процент көбейтуге, әрбір 100 саулықтан 106 қозы алуға, олардан алынатын жүн өнімін арттыруға міндеттенді.

Алдыңғы қатарлы колхоздардың кой өсірушілері алған міндеттемелерін мінсіз жүзеге асыру жолында қажырлықпен еңбек ете отырып, ірі қойларды және қозыларды шығынсыз өсірді және жүнді көп алды. Мәселен, Совет ауданындағы Каганович атындағы колхоздың кой фермасы (аға шопан Батурин жолдас) былай кой шаруашылығын өркендетуде зор табыстарға ие болды. Фермада бес айдың ішінде кой саны өткен жылғыдан 43,8 процент көбейді және әрбір 100 саулықтан 101 қозыдан алынып, өсірілді.

Конюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы колхоз кой шаруашылығын өркендетуде жылма-жыл артта қалып келе жатыр. Колхоз басқармасы былай кой фермасын басқаруды тәжірибелі шопан Шавалдин жолдасқа тапсырды. Ол фермада шопандардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру арқылы үстіміздегі жылы кой санын өткен жылғыдан 85 процент көбейтуге, әрбір қойдан жүнді 20 процент артық алуға жетісті. Бұл факті облыс колхоздарында кой фермаларына басшылық жақсартылып, фермалар қолынан іс келетін кадрлармен қамтамасыз етілсе, еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылса, кой шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге болатындығын дәлелдейді.

Алайда, облыс колхоздарында кой шаруашылығын өркендетуде елеулі кемшіліктерге жол берілуде. Бірқатар колхоздарда кой шаруашылығына нашар басшылық жасалуы салдарынан ірі қойлар, әсіресе, қозылар көп шығынға ұшырайды. Сондықтан да облыс бойынша үстіміздегі жылдың өткен мерзімі ішінде орта есеппен әрбір 100 саулықтан небары 56 қозы ғана алынды.

Кой шаруашылығын өркендетуде Октябрь ауданының «Пламя», Булаев ауданының Сталин атындағы, «Страна Советов», Петропавл ауданының Ворошилов атындағы, Преснов ауданының Жамбыл

небары 30 қозы ғана алынып отыр.

Облыстың 119 колхозы кой өсіру жөніндегі жоспарды әлі орындаған жоқ. Көп колхоздарда кой жүнін дайындау жөніндегі міндеттемелер де қанағаттанғысыз орындалып келеді. Әсіресе, мұндай колхоздарда көктемде қойдан жүн өте аз алынды. Жыл аяғына дейін әрбір колхозда кой өсіру және оның жүн өнімін дайындау жоспарын толық орындауға мүмкіншілік жеткіліксіз. Мәселе кой фермаларында еңбекті дұрыс ұйымдастыруда, қойларды жазғы жайылымдарда дұрыс бағып, күтуде, оларға қажетті қыстық жемшөпті жеткілікті мөлшерде дайындап алуға, кой фермаларын кәзірден бастап салу, жөндеу жұмыстарын үлгілі жүргізуде ғана болып отыр. Сөйтін, әрбір фермада күш-мүмкіншілік бірде-бір қозының, ірі қойдың шығын болмауына, кой өсіру жөніндегі міндеттемелерінің ойдағыдай орындалуына жұмылдырылуға тиіс.

Кой өсіру жөніндегі жоспарды ойдағыдай орындаудың басты бір шарты —қойларды жазғы маусымда шағылыстыруды үлгілі өткізу болып саналады. Мұның өзі ноябрь және декабрь айларында қосымша төл алуға мүмкіндік береді. Кейбір колхоздардың іс тәжірибесі саулықтардың 30—40 процентін жазғы маусымда шағылыстыру —жыл аяғында бірқатар қозы алуға болатындығын, ол қозыларды қысты күндері шығынсыз күйлі өсіруге толық мүмкіндіктің бар екенін дәлелдейді. Кой шағылыстыруды үлгілі өткізу үшін шопандар саулықтардың және қошқарлардың жақсы күтімде болуына назар аударулары қажет. Асыл тұқымды қошқарлар көбінесе саулықтардың қолдан ұрықтандыруға пайдаланылуы керек. Саулықтар мен қошқарларды күтуге және жазғы кой шағылыстыру маусымын өткізуге тәжірибелі шопандар көптеп қатыстырылып, бұл жұмысқа мал шаруашылығының мамандары ферма меңгерушілері күнбе-күн басшылық жасап отыруға міндетті.

Жазғы кой шағылыстыру маусымын ұйымшылдықпен өткізе отырып, колхоз басқармалары күзгі және қысқы төл алу маусымына әзірлікті кәзірден бастап

Облыс кәсіпорындарында

Вагоншылардың тартуы

Петропавл паровоз депосының коллективі теміржолшылар күніне зор табыспен келеді. Паровозшылар өткен айдың қорытындысында өндірістік жұмыс жоспарын мерзімнен бұрын асыра орындап, паровоз айналымын 109 процентке жеткізді. Олар ауыр салмақты поездың 19,7 процентін алып, өтіп, жүк тасуды 103,1 процент орындады. Онымен бірге поездың техникалық жүріс шапшаңдығы едәуір жақсарды. Осы сияқты табыстардың нәтижесінде паровоз депосы бір ай ішінде 373 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеді. Теміржолшылардың жақында болатын күніне тартқалы отырған мұндай зор сыйлығының ішінде 18770 сом үнемдеу кіргізген Зеленовтың комплексті бригадасы мен 9055 сом үнемдеген Бондаренко бригадасының үлкен үлесі бар.

Механикалық цех айдың алғашқы 10 күні ішінде ай бойына жөндеуге тиісті 13 паровоздың 9 жөндеуден өткізді. Цех озаттары тоғарь И. Тихий, Н. Широкоев, Г. Новиков, бұрғышы А. Акушина және фрезеровщик А. Пастухов жолдастар 10 күн ішінде өндірістік жұмыс жоспарларын 200-ден 300 процентке дейін орындады. Кәзір депо коллективі өздерінің жақында болатын мерекесін көрнекті өндірістік табыстармен қарсы алу үшін жарысты үдете түсуде.

Ж. СМАҚОВ.

Жоспардан тыс 227 мың сомның өнімі

«Екпінді» кәсіпшілік артелі жартыжылдық жоспарды 106 процент орындап, елеулі өндірістік табысқа ие болды.

Жарыстың дұрыс ұйымдастырылуы өз нәтижелерін берді. Артель мүшелері алған міндеттемелерін үнемі артығымен орындап отырды.

Стахановшы Ә. Разиуллин жартыжылдық тапсырманы 180 процент орындап, жарыста бірінші орын алды. Сол сияқты, өндіріс озаттары С. Мүсрепов, Е. Әзмұхамедов, Т. Окунева, Қ. Ганева жолдастар бірінші жартыжылдықтың тапсырмаларын біржарым еседен асыра аяқтады.

Сөйтін, «Екпінді» кәсіпшілік артелінің коллективі жоспардан тыс 227 мың сомның өнімін берді.

ғы, Булаев ауданындағы «Гигант» Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздарды қосуға болады.

Социалистік жарыс — шаруашылықтың барлық саласында табысқа жетудің басты шарты. Жемшөп дайындау күресінде де социалистік жарыс пәрменді ұйымдастырылып, жарыс озаттарының тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылған жерде бұл жұмыстың табысты жүргізілетіндігі сөзсіз. Жарысты бұлай ұйымдастыра білу — партия ұйымының ең басты міндеті. Бұл жөнінде Возвышен совхозы партия ұйымының жұмысы үлгі боларлықтай. Совхоз партия ұйымы (секретары К. Белый жолдас) пішен шабу басталған кездің алғашқы күндерінен, ақ пішеншілер мен механизаторлардың социалистік жарысын нақтылы ұйымдастырды. Әрбір пішенші мен механизатордың социалистік жарысқа қамтылып, нақтылы міндеттеме алуын қамтамасыз етті. Партия ұйымы істі мұнымен бітірмей, алынған міндеттемелердің орындалуын да ұйымдастыра білді. Бұл үшін партия ұйымы коммунистерді жемшөп дайындаудың шешуші участоктеріне бөліп, олардың қажырлы еңбектерімен, жауынды үгітпен басқаларға үлгі көрсетуіне жетіеті. Сол сияқты, әрбір бригаданы жауынгерлік листоктардың кезінде шыға-

Сол сияқты, социалистік жарысты ұйымдастырудағы кемшіліктер де кезінде әшкереленіп, ондай кемшіліктерді жоюдың жолдары белгіленетін болсын. Жауынгерлік листоктарда, қабырға газеттерінде жұмыс тапсырмаларын орындамайтын пішеншілер мен механизаторлар қаты сыналып отырылатын болсын. Сөз жоқ, бұл жұмыстарды жүзеге асыруда үгітшілер коллективтері партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Аудандық партия комитеттері әрбір колхоз, совхоз пішеншілерінің, жемшөп дайындауда жүрген механизаторлардың социалистік жарысының ұйымдастырылуы жайын жете біліп, бұл жұмысты ұйымдастыруда бастауып партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетуге, басшылық жасауға тиіс. Мұнымен бірге, олар өздерінің бюро мәжілістерінде пішеншілердің социалистік жарысының ұйымдастырылуы жайын жиі талқылап отырумен қатар, бастауып партия ұйымдарының пішеншілердің социалистік жарысына нақтылы басшылық жасауына жетісетін болсын.

Міндет — әрбір колхоз, совхоздың жемшөптің біржарым жылдық қорын жасауын қамтамасыз ету. Социалистік жарыстың әсері күші осы міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға бағытталуға тиіс.

В. В. Маяковский шығармаларының басылуы

Совет жұртшылығы В. В. Маяковскийдің туғанына 19 июльде 60 жыл толуын кеңінен атап өту үшін әзірленуде.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметі бойынша, В. В. Маяковский шығармалары совет өкметі жылдарында СССР-да 535 рет басылып шыққан. Олардың жалпы тиражы 20 миллион 390 мың данадан асады. В. В. Маяковскийдің тамаша өлеңдері мен дастандары Совет Одағында 51 тілге аударылған.

Біздің совет заманының таңдаулы, ең талантты ақынының творчествосы шетелдерге де белгілі. В. В. Маяковский атындағы — кітапхананың мәліметі

бойынша, оның шығармалары шетелдерде 30 тілге, соның ішінде қытай, поляк, чех, болгар, венгер, румын, корей албан, неміс, ағылшын, урду (Индия), италиян, француз, жапон және басқа тілдерге аударылған.

Ақынның туған күніне Совет Одағында В. В. Маяковскийдің шығармалары СССР халықтарының көптеген тілдеріне жаңадан аударылып, баспадан шығады. Мемлекеттік әдебиет баспасы ақынның екі томдығын баспадан шығармақ, оған оның ірі дастандары, пьесалары, 1913—1930 жылдардың арасында жазған өлеңдері кіргізіледі. Сол сияқты, В. В. Маяковский сатирасының жыйнағы басылып шығады.

СПОРТ ОРИНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

КИЕВ, 13 июль. (СОТА). Киевтің Дарницкий ауданында аудандық стадион құрылысы аяқталды. Мұнда тамаша футбол алаңы, жүгіретін жолдар және волейбол мен баскетбол алаңдары бар.

Республикада стадиондар, су станциялары, гимнастикалық залдар, теннис корттары және басқа спорт орындарының үлкен құрылысы өрістетіле түсті.

Львовта 20 мың көрушіге лайықталған стадион салынды. Қала жанындағы түрлі түске бөленіп құлдырған алаңға көлемі 10 гектар Комсомол көлі жасалған. Оның айнала кемерлерінде қаыңғы станциясы, спорт алаңдары және пляждар жабдықталды. Осы жерде Украинадағы бірінші жазғы каток салынып жатыр.

Жаңа стадиондар мен спорт алаңда-

ланылмай келеді.

Агроном Бравцун жолдас осы колхозда тұрады. Алайда, ол да егіннің арамшөбін отау мәселесімен шұғылданбай келеді. Бұл жұмысты қолға алып, қызу жүргізу жөнінде ол колхоз басшылары алдына талап қоймайды. Бравцун жолдасын егіннен мол өнім алу жолындағы күрестегі мұндай маңызды істі көре-біле тұра елеусіз қалдыруына таңымыз бар.

Осы аудандағы Чкалов атындағы колхоздың басшылары да «адам күші жеткіліксіз» деген желеумен егіннің арамшөбін отауды ұйымдастырмай отыр.

Б. ЖӘКЕНОВ.

атындағы, Приешім ауданының Аманжолды атындағы, Баганович атындағы колхоздары төзгісіз артта қалып отыр. Бұларда қоғамдық мал шаруашылығының мұндай негізгі саласын жедел өркендетуге жете маңыз берілмей келеді. Қойға жақсы күтім жасалмайды. Осының салдарынан қойда шығын көп болады. Оған аталған колхоздарда барлық ірі қойлардың 5-тен 13 процентіне, қозылардың 25-тен 53 процентке дейін шығын болуы толық дәлел. Октябрь ауданының тек «Пламя» колхозында ғана быйыл 563 қозы, 100-ден астам саулық шығын болды. Ал, көзір бұл колхозда әрбір 100 саулықтан

ұйымдастыруға тиіс. Олар саулықтар жедел қозыларға қажетті орындарды жөндеу, жаңадан салу, құнарлы мал азырын дайындау жұмыстарымен жете шұғылдануға міндетті.

Қойды жазда жайып бағу, қой шағындытыру және төл алу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана облысымызда қой шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жоспарды мінсіз орындауға болады.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының қой шаруашылығы бөлімінің бастығы.

С. АБУШОВА.

ТАҢДАУЛЫ ТІГІНШІ

Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Петропавлдағы тігін мастерскояы бірінші жарғыжылдықтың жоспарын 106 процент орындаған еді. Мастерской коллективінің ішінде, әсіресе, сырт киімдер тігетін цех өте жақсы жұмыс істеді. Мұндағы тігіншілердің барлығы стахановшылар. Жарыста комсомол ұйымының секретары Р. Герасимова күндік тапсырманы 170 процентке дейін орындап, бірінші орынға ие болды.

А. РАМАЗАНОВ.

Советтік Қазақстанда

★

БҮГІН ӨСКЕМЕН СЭС-інде

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Аблакетке сабында түнге қарай сан алуан шамдар жапып, өте жарық болып тұрады. Бұл — Өскемен СЭС-інің оттары. Станция салтанатты жағдайда іске қосылғаннан бері бірнеше ғана күн өтті. Бетоншылар, арматуршылар, жақтау жасаушылар бұл арадан кетті.

СЭС-тің және кеме қатынайтын шлюз басқармасының үйлері өте көңілді. Мұндағы гидроагрегаттардың бәрі тоқтаусыз жұмыс істеуде. Тамаша техниканы негізінен жастар басқарып отыр. Электрші Матвеев жолдасын, дежурный инженер Керли жолдасын сменасындағы коллективтер, турбинаның машинисі Тупицын жолдас өте үздік еңбек етуде.

Кеме қатынайтын шлюз арқылы көздің өзінде 20-ға жуық кеме өтті. Шлюздің коллективі кемелерді неғұрлым тез өткізу үшін қажырлы еңбек етуде.

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТОВАРЛАР

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семейдің шұлық фабрикасы бұйымның жаңа түрлерін жаппай шығара бастады. Бұлардың ішінде әйелдер мен балалардың ақ түсті ұйықтары, еркектердің өрнектелген және жібек ұйықтары бар. Жаңа өнімді тұтынушылар сүйсініп пайдалануда.

«Большевичка» тігін фабрикасы қымбат маталардан әйелдердің көйлектерін, кендірлі полотнадан еркектердің костюмдерін тігіп шығара бастады.

Аяқкіім фабрикасы бұйымының жаңа түрлерін игерді.

ШЫМКЕНТТЕГІ АСФАЛЬТ-БЕТОН ЗАВОДЫ

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Мұнда жаңа асфальт-бетон заводы пайдалануға берілді. Бұл завод белгіленген мерзімнен бір жыл бұрын салынып болды. Кәсіпорында өндіріс процестерінің бәрі механикаландырылған. Завод бір сменада 220 тонна асфальт-бетон жасап шығарады.



СУРЕТТЕ: Ақтөбедегі металлургтердің Мәдениет үйі. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

«Ленинское смена» газетінің таңдаулы әңгіме мен очеркке жариялаған конкурсы

Жастардың республикалық «Ленинская смена» газеті республика жастарының тұрмысына арналған таңдаулы әңгіме мен көркем очеркке конкурс жариялады.

Конкурсқа бұрын жарияланбаған шығармалар, сонымен қатар очерктер мен әңгімелердің әдеби аудармалары қабылданады.

БІР МЫҢ ЛЕКЦИЯ

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Саяси және ғылыми білімдер тарау жөніндегі қоғамның бөлімшесі лекциялық насихаттың қорытындысын шығарды.

Шиеді ауданындағы «Қызылту» колхозының лекторінде Социалистік Еңбек Ерлері, артель өндірісінің озаттары егіншілерге, күрішшілерге, шопандарға лекция оқып тұрады. Қоғамның толық мүшесі — атақты күрішші Ыбырай Жақаевтың лекцияларын колхозшылар ерекше сүйсініп тыңдайды.

ЖАС МАМАНДАР

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Май-сир өнеркәсібінің Павлодар техникумын бітіргендердің кеші болды.

Леонид Васенин Алматыда жұмыс істеуге жолдама алды. Валентина Мазнищина Көкшетау облысына жұмысқа жіберіледі, технолог Роза Евсеева Гурьевке жұмысқа барады. Техникум ұйымдасқаннан бері Қазақстанның кәсіпорындары үшін мыңнан аса жас мамандар даярлап берді.

★

В. В. МАЯКОВСКИЙДІ ЕСКЕ ТҮСІРУДЕ

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Ертіс бойындағы қалалар мен селолардың жұртшылығы В. В. Маяковскийдің туғанына 60 жыл толуын атап өтуге әзірленіп жатыр. Кітапханаларда, мәдениет үйлерінде, клубтарда, қызыл мүйістерде, оқу үйлерінде, қызыл отауларда ақынның өмірі мен творчествосына арналған кітап көрмелері, фотомонтаждар жабдықталуда.

Абай және Шұбартау аудандарының малшылары үшін «Маяковский — советтік заманның ең таңдаулы, талантты ақыны» деген тақырыпта қазақ тілінде алғашқы лекциялар оқылды. Маяковский атындағы пароходта механиктің көмекшісі Бандура жолдас В. В. Маяковскийдің өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасады. Кемедегі қабырға газетінің редакциялық коллегиясы В. В. Маяковскийге арналған арнаулы номер шығарды.

Қаланың көптеген кәсіпорындары мен мекемелерінде В. В. Маяковскийге арналған кештер, оқушылар конференциялары өткізілуде.

ҚАРАҒАНДЫ ТЕАТРЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАЛАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Облыстың драма театры өзінің маусымын аяқтады. Театр қарағандылықтарға тоғыз жаңа постановка көрсетті. Театр И. Поповтың «Семья» деген пьесасын Қарағанды мен Теміртаудың клубтары сахналарында 30-дан аса рет қойып берді. Халық сонымен қатар осы театрда Горькийдің «Соңғылар», Треневтің, «Любовь Яровая», Бойничтің «Бөгелек» дейтін романы бойынша қойылған және басқа постановкаларды көрді.

СЫРТТАН ОҚИТЫН МҰҒАЛІМДЕР

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Крупская атындағы мұғалімдер институтында сырттан оқытын студенттердің жазғы емтихан сессиясы басталды. Быйыл мұнда Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 1200 мұғалімі емтихан тапсыруда. 200-ден аса мұғалім осы оқу орнын бітіргені туралы диплом алады.

Бүкіл партия, бүкіл совет халқы СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қаулысын бірауыздан мақұлдауда

Қазақстан КП Алматы облыстық және қалалық комитеттерінің Алматы партия ұйымы активімен басқосқан біріккен пленумы

11 июльде, Академиялық опера және балет театрында Алматының және Алматы облысының партия активімен басқосқан, Алматы облыстық және қалалық комитеттерінің Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының қорытындыларын талқылауға арналған біріккен пленумы болды. Пленумының жұмысына 1200-ден аса адам қатынасты.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының қорытындылары туралы Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Шахметов жолдас баяндама жасады.

Пленумға қатынасұшылар баяндамашы оқыған, Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы, совет мемлекетін әлсіретуге бағытталған қылмысты әрекеттері туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын аса зор ынтымақтастықпен мақұлдады. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын жыйналғандар ұзақ, ду қолшалақтап қарсы алды.

Коммунистер өздерінің сөздерінде Алматы облысының барлық партия ұйымдарының Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою үшін СОКП Орталық Комитеті Президиумының деркесінде және батыл қолданған шараларын шын мақұлдайтындығын бірауыздан білдірді. Пленумға қатынасұшылар бұл шаралардың бірден-бір дұрыс шаралар екендігін айтты. Сол сияқты, пленумға қатынасұшылар қалалық әрекеттері үшін Берия, партия мен совет халқының жауы болғандықтан, Совет Одағының Коммунистік партиясының мүшелігінен шығарылысын деген СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарын және Берияның қылмысты әрекеттері туралы істі ССРО Жоғарғы сотының қарауына беру жайындағы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын толық мақұлдады.

— Алматы ауыр машина жасау зауыды жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің коллективі, — деді заводтың жұмысшысы Едлин жолдас, — Коммунистік партияның Орталық Комитетінің Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы қаулысын бірауыздан және қызу қолдайды.

— Жаулардың қандай да болсын тіміскіленуі, — деді сөзінің соңында Бабин жолдас, — бізге, Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкіметінің

бекшілердің жауы Берияға қарсы партия мен үкімет қолданған шараларды құттықтайды.

Ауданның партия ұйымы Берияның ісінен саяси сабақ алып, тиісті қорытынды жасайды. Біздің жұмысымызда елеулі кемшіліктер бар. Біз қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындауға жетісе алғанмыз жоқ, жемшөп дайындау мен мал қыстатуға әзірлік мүлде нашар жүргізілуде. Бұл зор кемшіліктер біздің ауданымызда партия-ұйымдық және партия-саясат жұмыстарының бәсең жүргізіліп отырғандығын дәлелдейді.

Аудан коммунистері өзінің жұмысындағы кемшіліктерді тез жою үшін, партияның XIX съезі қойған міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.

Сөз сөйлегендер халықтардың достығын бұзуға, олардың арасында араздық тудыруға, одақтас республикаларда буржуазияшы-ұлтшыл элементтерді жандандыруға тырысқан Берияға ыза-кектерін білдірді.

— ССРО халықтарының достығын әлсірету алатын күш жер бетінде жоқ, — деді пленумға қатынасұшылар.

Мұнымен бірге, пленумда Қазақстан тарихының бірыңғай мәселелерін, қазақ әдебиеті мен әдебиет зерттеу мәселелерін жазуда буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы бұрмалаушылықтар болғандығы атап көрсетілді.

— СОКП Орталық Комитетінің Пленумы, — деді Алматы қаласының Фрунзе аудандық партия комитетінің секретары Қосынов жолдас, — партия ұйымдарын буржуазиялық идеологияның барлық көріністеріне қарсы мейрімсіз күрес жүргізуге, еңбекшілерді жалынды советтік патристизм және ССРО халықтарының достығы рухында тәрбиелеуге шақырды.

Қосынов жолдас буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықтар әлі толық жойылып болмағандығын айтты. Ғылым академиясының партия ұйымы бұл бұрмалаушылықтарға қарсы батыл күрес жүргізген жоқ. Әрбір коммунист Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының қаулысына дұрыс қорытынды шығарып, буржуазиялық-ұлтшылдықтың барлық және қандайда болсын көріністеріне қарсы батыл, мейрімсіз күрес жүргізуге тиіс.

де-президенті Сауранбаев жолдас өзінің сөзінде буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы айтып, былай деді: — Біз буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктерді толық жоюымыз керек, буржуазиялық-ұлтшылдықтың барлық көріністеріне қарсы тынбастан күрес жүргізіп, халықтар достығы, пролетарлық интернационализм идеяларын кеңінен насихаттауымыз керек.

Қазақтың мемлекеттік университетінің ректоры Закиран жолдас, биология ғылымдарының докторы Росляков жолдас, Қазақстан жазушылары Одағының секретары Омаров жолдас, Қазақ ССР-інің халық артисі Жаңдарбеков жолдас республика интеллигенциясы атынан ғылым, әдебиет пен искусство қайраткерлері СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан құттықтап, мақұлдайтындығын, Қазақстан интеллигенциясы еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетінің бұдан былай да гүлдене беруі үшін алдағы уақытта да күш-жігерін аямай, еңбек ететіндігін мәлімдеді.

Коммунистер өздерінің бұдан былайғы жұмысы үшін Берияның ісінен саяси сабақ алып, тиісті қорытынды шығарып, партия, совет ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашып, оларды қатты сынады. Сөз сөйлегендер бірқатар өнеркәсіп орындарының, әсіресе, құрылыс ұйымдарының өндірістік жоспарларды орындамайтындығын, механизмдерді өнімді пайдаланбайтындығын атап көрсетті. Қалада тұрғын үй және коммуналдық құрылыс жұмыстары көп артта қалып келеді.

Алматы облысының ауыл шаруашылығын өркендету ісінде зор кемшіліктердің орын алып отырғандығы атап көрсетілді. Облыста мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік жоспарлар жыл сайын орындамай келеді, малдың көп шығын болуына жол беріледі, жемшөп қорын нығайту үшін жеткілікті шаралар қолданылмайды. Облыстың колхоздары мен совхоздары шөп шабу жұмысын ұйымшылдықпен жүргізіп отырған жоқ. Дәнді дақылдар егінін жалпай жыйнауды кеңінен өрістетуге ұзаққа созылып келеді. Республика астанасының маңында қуатты картоп-овощ базасын жасау міндеті баяу жүзеге асырылуда. Овощь, әсіресе, қар-дың өсіп жанып отыруына жол беріледі.

Кейбір аудандық партия комитеттерінде коллективтік басшылық жасау принциптері бұрмаланады. Аудандық комитеттердің пленумдарында сын мен өзара сынның кең өрістетілуі қамтамасыз етілмейді, ал, жеке партия ұйымдарында партия жыйналыстары сирек шақырылады.

Пленумда облыста идеологиялық жұмыстарды жақсарту жөніндегі партия ұйымдарының міндеттеріне көп көңіл бөлінді. Насихат жұмысында зор кемшіліктерінің орын алып отырғандығы айтылды. Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселені маркстік-лениндік тұрғыдан түсінуден ауа жайылушылық байқалады. Теорияны дүмшөлікпен, доғмалықпен үйрену әдеті жойылған жоқ. Бірқатар қала және село партия ұйымдарында үйірмелер мен саяси мектептердің сабақтары идея жағынан төмен дәрежеде өтті. Кейбір партия комитеттері насихатшылар мен лекторларды іріктеп алу және тәрбиелеу жөнінде аз қамқорлық жасайды, олардың жұмысына бақылау аз. Советтік патристизм, ССРО халықтарының достығы идеяларын насихаттау ісіне жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Жарыссөзде барлығы 22 адам сөз сөйледі.

Толық бірауыздылық жағдайда қабылданған өзінің қарарында Алматы облыстық және қалалық партия комитеттерінің біріккен пленумы Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысын бүтіндей және толық мақұлдап, оны бұлжытпай басшылыққа алуға және орындауға қаулы алды. Қарарда партияның Орталық Комитетінің Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі, облыстың шаруашылық және мәдени құрылысына басшылық жасауды жақсарту жөніндегі, партиялық-ұйымдық және идеологиялық жұмыстарды күшейту жөніндегі практикалық шаралар белгіленді.

«СОКП Алматы облыстық және қалалық партия комитеттерінің біріккен пленумы активпен бірлесе отырып, — делінген қарарда, — Алматы партия ұйымы бұдан былай да партияның Орталық Комитетінің айнымайтын және сенімді тірегі болады деп Коммунистік партияның Орталық Комитетіне уәде береді.

Алматы партия ұйымы өз қатарын СОКП Орталық Комитетінің төңірегіне бұ-

Француз халқының бейбітшілік үшін күресі

ПАРИЖ, 13 июль. (СОТА). Францияның барлық жерінде бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі және «келіссөздер және бейбітшілік үшін күресуші ұлттық конференция» қабылдаған қарарларды жақтау қозғалысы кеңінен өріс алуда.

11 және 12 июльде елдің ең ірі 13 қаласында, соның ішінде Париж, Лилл, Тулуза, Марсель және Бордо қалаларында халықтың көп қатысқан жыйналыстары болды. Бұл жыйналыстар Корея мен Индо-Қытайдағы соғысты дереу тоқтату үшін күрестегі бірліктің, Бонн және Париж соғыс договорларын француз парламентінің ратификациялауына қарсы және келіссөздер жүргізу арқылы талас мәселелерді реттеу ұранымен өтті.

Көпшілік митинг кеше Пулли-Сен-Жуар деревнясында да (жоғары Савойя департаменті) болды. Бұл деревняны оккупациялау кезінде гитлершілдер өртеп жіберген болатын. Митингке қатысқан 4 мың адам, соның ішінде осы деревняға кіретін барлық кантонның мэрлері бейбітшілік үшін күресте бірлікті нығайта беруге халықты шақыратын үндеу қабылдаған. Мұндай жыйналыстар жуырда Монтерме (Арденна департаменті) және Рем (Нор департаменті) қалаларында да болды.

Кореядағы оқылғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 13 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 13 июльде мынаны хабарлады:

Өткен күні корей Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Йоньчоньның батысына таман және Чанпхенли ауданында дұшпанға қарсы жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді. Майдандарда өзгеріс болған жоқ.

ПАНЬМЫНЬЧЖОНЬДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДЕГІ КОРЕИ-ҚЫТАИ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҮНДАМАСЫ

ПЕКИН, 13 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан бүгін корей-қытай делегациясы жариялаған төмендегі мазмұндаманы берді:

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫ КОРЕЯНЫҢ БЕЙБІТ ҚАЛАЛАРЫ МЕН СЕЛОЛАРЫН ӨЛІ БОМБАЛАУДА

ПХЕНЬЯН, 13 июль. (СОТА). Американдық авиациясы Солтүстік Кореяның бейбіт қалалары мен селоларын бомбалауда және оларға оқ жаудыруда. Кореяның Орталық телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, 5 июльде Оран уезіндегі (Солтүстік Хамген провинциясы) және Ким-Чак қаласы ауданындағы елді пункттер сұрапыл бомбаланған. Осы елді пункттерді американдық соғыс кемелері теңізден атқылаған.

АМЕРИКАН АВИАЦИЯСЫНЫҢ ПХЕНЬЯНҒА ШАБУЫЛ ЖАСАУЫ

ПХЕНЬЯН, 13 июль. (СОТА). Кеше күндіз американдық реактивтік самолеттер ренильдон кварталындағы қалалық базарға тастады. Базарда жүрген адамдар

Мүдделес елдер арасында келіссөздер жүргізу арқылы талас мәселелерді бейбітшілік жолмен шешу үшін бейбітшіліктің Ұлттық Советі жариялаған науқан француз халқының тарапынан үлкен қолдау тапты. Тіпті арнаулы ұйымдастырылған жыйналыстар мен митингілерден басқа халықтың дәстүрлі мерекелерінің өздері де бейбітшілік ұранымен өткізілуде. Мәселен, жуырда Фоссе кантонында (Арвек департаменті) болған «егін орағы мерекесінде» шаруалар Корея мен Индо-Қытайдағы соғысты тоқтатуды және ұлы мемлекеттер арасында келіссөздерді жүргізуді жақтап сөз сөйледі.

Франция жастары бейбітшілік және достық үшін өткізілетін жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне белсене әзірленуде. Қалалар мен елді пункттерде, кәсіпорындарында, фабрикалар мен заводтарда, жастар ұйымдарында делегаттар сайланып, оларға Румынияның астанасына бару үшін қаражаттар жыйналуда.

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, көрнекті француз жазушысы Жан-Поль Сартр жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне баруға өзінің ризалығын білдірген.

басшылығы арқасында XIX съезд алға қойған елімізде коммунизм орнату жөніндегі міндеттерді орындауымызға кедергі жасай алмайды.

— Еңбекшіқазақ ауданының коммунистері мен барлық еңбекшілері, — деді Еңбекшіқазақ аудандық партия комитетінің секретары Мөлкеев жолдае, — Коммунистік партияның Орталық Комитеті Пленумының қаулысын қызу қолдап, ең-

Сөз сөйлегендер коммунистердің және барлық еңбекшілердің революциялық қырғалығын арттыру қажеттігін, бүтдіру әрекеттерін жүргізу үшін біздің арамсызға өзінің агенттерін жіберіп отырған және жібере беретін капиталистік қоршау туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының нұсқауын түсіндіру керектігін айтты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының ви-

Топ-оту жоспары орындалмап жүр, оның дақылдарының өнімі төмен. Пленумға қатынасшылар облыстың ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесін мейлінше жақсарту қажеттігі жөнінде айтты.

Жарыссөзде сөйлеген көп жолдастар облыс және қала партия ұйымдарында В. И. Ленин жасап берген партиялық басшылықтың большевиктік принциптерін бұрмалау фактілері бар екендігін айтты.

ҚКП Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті мен Петропавл қалалық комитетінің партия активімен басқосқан біріккен пленумы

13 июльде, облыстық драма театрының үйінде СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қорытындыларына арналған облыстық және қаланың партия активімен басқосқан ҚКП облыстық және Петропавл қалалық комитеттерінің біріккен пленумы болды. Оған 500-ден аса адам қатынасты.

Пленумда облыстық партия комитетінің секретары Бобров жолдае баяндама жасады. Пленумға қатынасшылар Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою жөнінде партияның Орталық Комитеті Президиумы деркесінде қолданған батыл шараларды қабылдаған СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан мақұлдап, ұзаққа созылған ду қолшалақтаумен қарсы алды.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген жолдастар СОКП Орталық Комитеті қаулысының партия және халық үшін орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті.

— Қала партия ұйымының коммунистері және Петропавлдың барлық еңбекшілері, — деді ҚКП қалалық комитетінің секретары Поцелуев жолдае, — халық жауы Берияны өшкерелеу жөнінде батыл шара қолданғандығы үшін СОКП Орталық Комитетінің Президиумына шын жүректен алғыс айтуды және буржуазияшыл азғын Берияны партия қатарынан шығару жөніндегі және оның қылмысты ісін советтік әділ соттың қарауына беру жайындағы СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулыларын бірауыздан мақұлдайды.

СОКП Орталық Комитетінің пленумы, деді оған әрі ол, партия ұйымдарын Берияның ісінен сапсы сабақ алып, қорытынды жасауға шақырды.

— Аудан партия ұйымы, — деді Булаев аудандық партия комитетінің секретары Курлов жолдае, — СОКП Орталық Комитеті Президиумы мен Пленумының халықаралық империализмнің агенті Берияның қылмысты әрекеттерін жою жөніндегі ұйғарымдарын бірден-бір дұрыс шара деп есептейді. Біз шетел капиталистерінің Берия сияқты жалдамалы малайларының біздің партия мен халықтың бірлігін әлсі-

рету үшін жанталасатынын жақсы білеміз. Бірақ, ол сұмырайлардың арам ниеті жүзеге асқан жоқ және жүзеге аспайды да. Біздің партия мен совет халқы Орталық Комитеттің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топталып, жаудың тіміскіну әрекетінің қай түріне болсын тойтарыс береді, сөйтіп, оның күлін көкке ұшырады.

Курлов жолдае сөзінің соңында коллективтік басшылықтың зор маңызына тоқталып, аудандарда әлі де партия активтерінің жыйналыстары, өндіріс кеңестері сирек өтетінін айтты.

Мінбеді Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі Бержатый жолдае.

— Колхозшы шаруалардың, — деді ол, — Берияға деген кекті мынасын сөзбен айтып жеткізу қиын. Колхоз құрылысының қас жауы Берия шаруаларды бақытты өмірден, ауқатты тұрмыстан айырмақ болды, ұлт араздығын қоздыруға тырысты. Бірақ, жау есебінен жаңылды. Коммунистік партия бастаған совет халқының табысы мен достығына ешбір жау қол суға алмайды.

Мұнан кейін Бержатый жолдае Сталин атындағы колхоздың колхозшылары партияның Орталық Комитеті Пленумының қаулысына стахановтық еңбектерімен жауап беріп жатқанын қуанышпен қаберады. Колхозшылардың социалистік міндеттемесі — июль айында мал азығының біржарым жылдық қорын жасау, қоғамдық малды жылы, жарық қоралармен қамтамасыз ету, сонымен қатар, егін орағына үлгілі әзірлену, оны қысқа мерзімде өткізу, мемлекетке астық тасыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау, колхоз кірісін жылғына бір миллион сомнан арттыру.

Облыстық партия комитетінің секретары Ниязбеков жолдае өзінің сөзінде авантюрист және империализмнің құлы Берияның көп ұлтты социалистік мемлекеттің негіздерінің негізі — ССРО халықтарының арасында араздық тудыру жөніндегі зұлымдық әрекетін айтты. Жау, деді ол, советтік қоғамның қозғаушы күштерінің бірі — халықтардың достығын

жоюғы ойлады. Біздің елімізде көп ұлтты халықтар: қазақтар, орыстар, украиндықтар және басқа ұлттар бір семьяда өмір сүріп, еңбек етуде.

— Бұл достықты айыратын ешбір күш жоқ, — деді Ниязбеков жолдае, — жаулардың ешқандай тіміскінуі халықтар достығын бұза алмайды.

Облыс партия ұйымының міндеті — лениндік- сталиндік ұлт саясатын дәйектілікпен жүзеге асыра беру, совет халқының пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу болып табылады.

Осы сияқты, жарыссөзде сөйлеушілер коммунистер мен барлық еңбекшілердің революциялық қырағылықтарын мейлінше күшейтудің қажеттігіне зор көңіл бөлді.

ҚКП Преснов және Полудень аудандық партия комитеттерінің секретарлары Долженко, Камалетдинов жолдастар Берияның қылмысты әрекеттері туралы СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын қуаттай келіп, мемлекеттік және шаруашылық органдардың, соның ішінде Ішкі істер министрлігі органдарының жұмысына партиялық бақылауды күшейтудің қажеттігіне тоқталды. Олар өздерінің аудандарының өмірінен нақтылы мысалдар келтіріп, Ішкі істер министрлігі қызметкерлерінің партия ұйымдарынан көл үзуі олардың өркөкіректікке салынуына, советтік социалистік заңдылықты бұрмалауына өкеліп соғатынын айтты.

Кәсіподақтардың облыстық Советінің председателі Островной, № 1 Ленин атындағы орта мектептің директоры Даудеткәдиева жолдастар ондаған мың кәсіподақ мүшелерінің және халық ағарту қызметкерлерінің пікірін білдіріп, Берияның қаскүнемдік әрекеттері жөнінде ашуызамен сөйледі.

— Петропавл темір жол бөлімшесінің коллективі, — деді саясаттық бөлімнің бастығы Кочемировский жолдае, — Берияның партияға қарсы және мемлекетке қарсы әрекеттеріне қатты ызаланып, біздің елімізде капитализмді қайта орнатпақ болған мұндай буржуазияшыл азғынның әрекеттерін жоюға бағытталған СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын шын жүректен қуаттауда. Теміржолшылар

және оның сенімді, сынан өткен басшылығымен Алматының және Алматы облысының еңбекшілерін партия жасап берген саясатты іске асыру жолындағы күреске, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындау және асыра орындау жолындағы, елімізде коммунистік құрылыстың аса зор программасын жүзеге асыру жолындағы күреске бастайтың.

партияның Орталық Комитетінің және туысқан Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтаса отырып, партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының ойдағыдай жүзеге асырылуына келеді үлес қосады.

Пленум партия насихатын оған әрі жақсарту мәселесіне ерекше назар аударды. Пленумда атап көрсетілгендей, бірсыпыра партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары әлі де идеологиялық жұмысты жете бағаламау сияқты теріс әдеттен арылған жоқ. Бірсыпыра аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарлары насихат және үгіт жұмысына формальді басшылық жасайды, жергілікті жерлердегі жағдайды жақсы білмейді. Бастауыш партия ұйымдарына коммунистер мен партияда жоқ кадрлардың маркстік- лениндік оқуын жақсарту жөнінде қажетті көмек көрсетпейді.

Сонымен қатар, пленумда облыстың ауыл шаруашылығын өркендету ісінде орын алған кемшіліктердің беті ашылады. Бірсыпыра колхоздар мен совхоздар агротехникалық ережелерді бұрмалап, егіннен мол өнім ала алмай келеді. Облыс жыл сайын мал шаруашылығы жөніндегі жоспарды орындауда кешіргісіз артта қалуда. Қоғамдық малдың орынсыз шығын болуына жол берілуде. Шөп шабу науқаны өте баяу жүргізілуде. Бірқатар колхоздардың заттай және ақшалай табыстарының көрсеткіштері мүлде төмен.

Партия, совет, әсіресе, шаруашылық орындары колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың экономикасын терең зерттеп, оған істің жайын нақтылы білу арқылы басшылық жасауға тиіс.

Пленумының соңында ҚКП Орталық Комитетінің секретары Афанов жолдае сөз сөйледі.

Пленумда жарыссөзде барлығы 15 адам сөз сөйледі.

ҚКП облыстық комитеті мен қалалық комитеттің біріккен пленумы өзінің қарарында СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын бірауыздан мақұлдады және оны үнемі басшылыққа алып, жүзеге асыруға қабыл алды.

бомбадан жасырынатын орындарға жүгіріскенде, американ самолеттері оларға пулеметтерден оқ жаудырды.

Американ авиациясының бейбіт Пхеньян қаласына шабуыл жасауының салдарынан ондаған жер және баспана құрылыстар қыйрады. Қаза тапқан адамдар бар.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДА СОҒЫС ҚЫЛМЫСТЫЛАРЫН БОСАТУ ӘЛІ ТОҚТАЛҒАН ЖОҚ

БЕРЛИН, 13 июль. (СОТА). Батыс Германиядағы батыс мемлекеттердің оккупацияшыл өкмет орындары түрмелерден фашистік соғыс қылмыстыларын босатуда. Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Батыс Германиядағы француз соғыс комиссары Франсуа-Понсэ «Бастилия Күні» ертең мереке-леу құрметіне деген сылтаумен Витлихадағы түрмеден 19 соғыс қылмыстысын босатып жіберген және 7 соғыс қылмыстысының тұтқын жазасын өтеу мерзімін кеміткен.

Ағылшын оккупацияшыл өкмет орындары бүгін Верладағы түрмеден со-

ЖАПОН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛ КҮРЕСІ

ПЕКИН, 13 июль. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады:

Токиодан алынған хабарда 11 июльде 3 миллион жапон жұмысшылары соңғы 8 күннің ішінде Иосида үкметінің парламентке енгізген ереуілге тығым салу жөніндегі заң жобасына қарсы екінші рет жаппай ереуіл өткізген. Бұл күні заң жобасы төменгі палатада қабылданып, кеңесшілер палатасына берілген болатын.

245 мың шахтерлер 24 сағатқа жұмысты тоқтатты. Электр өнеркәсібі жұмысшыларының ұлттық одағына бірік-

ғыс қылмыстысы, бұрынғы гитлершіл генерал-полковник Фалькенхорсты түрмеден босатып жіберген. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасаған соғыс қылмыстары үшін Фалькенхорст 1946 жылы ату жазасына кесілген болатын, алайда, бұл үкім жүзеге асырылмаған еді.

Мұнан бұрын хабарланғанындай, июльнің аяқ кезінде Бонн канцлері Аденауэр Верла түрмесінде болып, онда соғыс қылмыстыларымен әңгімелескен болатын. Аденауэр сонда «оларды тұтқыннан босатуға» қолынан келгенінің барлығын істейтіндігіне соғыс қылмыстыларын сендірген-ді.

көн жұмысшылар ереуіл жариялады. Ереуілге тау-кен, химия, металлургия және автомобиль өнеркәсібінің жұмысшылары мен докерлер қосылды. Басқа көптеген кәсіподақтарға кіретін жұмысшылар наразылық білдіру митингілерін өткізіп, белгіленген уақыттан тыс жұмыстарды орындаудан бас тартқан.

Жапонияның кәсіподақтарының бас советі ереуілдерге тыйым салу туралы реакцияшыл заң жобасына қарсы ереуіл күресін жүргізе беретіндігін мәлімдеген.

ВЬЕТНАМ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ҚЫЙМЫЛЫ

ПАРИЖ, 13 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Сайгоннан берген хабарына қарағанда, 11 және 12 июльде Вьетнам Халық армиясының бөлімдері Ми-То ауданында (Сайгонның

оңтүстік-батысына таман 120 километр жерде) дұшпаннан 8 күзет орнын азат еткен.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

15 июльде 16 июльде
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКІНДЕ АШЫҚ ЭСТРАДАДА
СВЕРДЛОВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СИМФОНИАЛЫҚ ОРКЕСТРЫНІҢ ЕКІ КОНЦЕРТІ БОЛАДЫ
оркестрдің құрамында 60 адам бар
Концерт кешкі 9 сағат 30 минутта басталады.
Касса кешкі сағат 6-дан бастап ашық.

Петропавлдың шойын құю, таразы зауыдына цех бастығы, шеберлер, токарлар, фрезеровщиктер, слесарьлар, бояушылар және ағаш шеберлері керек
Адрес: Базар көшесі, 8-үй, кадр бөлімі.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«ПОЛК ҚЫЗЫ»
Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ТРАКТОРИСТ»
Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА
«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»
Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орыбасары — 1-59, секретариат — 1-33, және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.